

**"Еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы"**  
**Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 мамырдағы N 483 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Жоба**

**Қазақстан Республикасының Заңы Еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы**

Осы Заң Қазақстан Республикасында еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде зардап шеккен қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың (бұдан әрі - міндетті сақтандыру) құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін белгілейді және сақтандыру жағдайы басталған кезде қызметкерлердің мүліктік мүдделерін қорғауды мақсат етеді.

**1-бап. Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамасы Қазақстан Республикасы Конституциясына негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

**2-бап. Осы Заңмен реттелетін қарым-қатынастар**

1. Осы Заң міндетті сақтандыру субъектілері арасында міндетті сақтандыру шарттарын жасасу және орындау кезінде туындайтын қатынастарды реттейді.

2. Осы Заң жұмыс берушілердің мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне қатысты азаматтық-құқықтық жауапкершілігін реттемейді.

3. Осы Заң жұмыс берушілердің, өздерінің қызметін іске асыруға байланысты азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті түрде қосымша сақтандыруды жүзеге асыру құқығын шектемейді.

### **3-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) зиянды өндірістік фактор - белгілі бір жағдайларда қызметкердің сырқатқа ұшырауына және жұмыс істеу қабілетінің төмендеуіне әсер ететін өндірістік фактор;

2) еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезіндегі жазатайым оқиға - нәтижесінде қызметкер жарақат алған немесе еңбек ету қабілетінен толық немесе ішінара айрылуына, не өлімге апарып соқтырған, оның денсаулығына өзге де зақым келтірілген о қ и ғ а ;

3) кәсіби ауру - зиянды өндірістік фактор әсерінің салдары болып табылатын қызметкердің созылмалы немесе қатты сырқатқа шалдығуы, немесе улануы;

4) кәсіби еңбекке қабілеттілік - қызметкердің нақты жағдайларда белгілі бір біліктіліктегі, көлемдегі және сападағы жұмысты жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жасқа дейін орындау қабілеті;

5) еңбекке жалпы қабілеттілігі - қызметкердің шартта көзделген еңбек міндеттерін (оның ішінде біліктілікті талап етпейтін жұмысты) орындау қабілеті;

6) кәсіби еңбекке қабілетінен айрылу деңгейі - Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес белгіленетін, сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қызметкердің еңбек (қызмет) міндеттерін атқару қабілетінің төмендеу деңгейі;

7) сақтандыру жағдайы - қызметкердің еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде оның өміріне немесе денсаулығына зиян келуіне әкеп соқтырған оқиға, оның басталуы қызметкердің еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру келісімі (бұдан әрі - міндетті сақтандыру келісімі) сақтандыру төлемдерін көздейді;

8) сақтандыру тарифі - қызметкердің есептелген еңбекақысына (табысына) пропорционалды есептелген сақтандыру жарнасының мөлшерлемесі.

### **4-бап. Міндетті сақтандыру объектісі мен субъектілері**

1. Қызметкердің еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде оның өміріне не денсаулығына зиян келтіру салдарынан туындаған міндеттемелер жөніндегі жұмыс берушінің мүліктік жауапкершілігі міндетті сақтандыру объектісі болып табылады.

2. Сақтандыру субъектілері:

сақтанушы - еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан жұмыс беруші;

сақтандырушы - сақтандырудың осы сыныбын жүзеге асыру құқығына белгіленген тәртіппен лицензия алған сақтандыру ұйымы;

пайда алушы - сақтандырылған қызметкер немесе Қазақстан Республикасының

Азаматтық кодексіне сәйкес сақтандыру төлемін алуға құқығы бар адамдар болып табылады.

### **5-бап. Міндетті сақтандыруға жататын жауапкершілік**

Қызметкердің еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін сақтанушының жауапкершілігі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген ауқымда міндетті сақтандырумен қамтылады.

### **6-бап. Сақтанушының құқықтары мен міндеттері**

#### **1 . С а қ т а н у ш ы н ы ң :**

- 1) міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандырушыны таңдауға;
- 2) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі қызметкерді куәландыру кезінде қатысуға;
- 3) өз құқықтарын сот тәртібімен қорғауға құқығы бар.

#### **2 . С а қ т а н у ш ы :**

- 1) белгіленген тәртіппен және міндетті сақтандыру шарттарының негізінде сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақыларын уақытылы аударуға және сақтандыру жөніндегі өзіндегі барлық құжаттардың сақталуын қолданыстағы заңдарға сәйкес қ а м т а м а с ы з е т у г е ;
- 2) сақтандыру жағдайларын болғызбау және оның алдын алу шараларын қ а м т а м а с ы з е т у г е ;
- 3) сақтандыру жағдайының фактісі туралы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға және сақтандырушыға тез арада хабарлауға;
- 4) сақтандырушыны тарта отырып, сақтандыру жағдайларын заңдарда белгіленген тәртіппен з е р т т е п т е к с е р у г е ;
- 5) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу жай-жапсарын уақытылы және т о л ы қ а н ы қ т а у ғ а ж ә р д е м д е с у г е ;
- 6) сақтандырушыға сақтандыру төлемдерін есептеу үшін қажетті құжаттарды белгіленген м е р з і м д е т а п с ы р у ғ а ;
- 7) қызметкерлердің міндетті медициналық тексеруден өткізілуін уақытылы ұ й ы м д а с т ы р у ғ а ;
- 8) қызметкердің сақтандыру оқиғаларының алдында болған еңбек жағдайлары туралы құжаттарды еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға және денсаулық сақтау ұйымдарына тапсыруға;
- 9) еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне қызметкерлерді өндірістен қол үзбей о қ ы т у ғ а ;
- 10) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның қызметкерлердің еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғаларға ұшырау жағдайларының алдын алу мен тексеру мәселелері жөніндегі

ш е ш і м і н

о р ы н д а у ғ а ;

11) сақтандыру сыйлықақысын аударуға байланысты есепті жүргізуге міндетті.

3. Заң актілері мен міндетті сақтандыру шартында, сондай-ақ сақтанушының басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

### **7-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері**

1 . С а қ т а н д ы р у ш ы н ы ң :

- 1) сақтандыру жағдайларын зерттеп тексеруге қатысуға;
- 2) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі қызметкерді куәландыру кезінде қатысуға;
- 3) сақтандыру жағдайлары жөніндегі ақпаратты тексеруге және қажет болған кезде тиісті уәкілетті органдарға сауалдар жіберуге;
- 4) сақтандыру қатерін бағалау үшін сақтанушының объектілеріне тексеру жүргізуге ;
- 5) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға;
- 6) сақтандыру жағдайларының алдын алу жөнінде ұсынымдар беруге құқығы бар.

2 . С а қ т а н д ы р у ш ы :

- 1) сақтанушымен міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде оған сақтандыру п о л и с і н б е р у г е ;
- 2) сақтандыру жағдайлары бойынша қажетті құжаттарды рәсімдеуді өз есебінен жү р г і з у г е ;
- 3) қызметкерлер мен жұмыс берушілерге олардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ сақтандыру тәртібі мен жағдайларын түсіндіруге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарына және сақтандыру шартына сәйкес міндетті сақтандыру төлемдерін уақытында жүргізуге;
- 5) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Міндетті сақтандыру шартында, сондай-ақ сақтандырушының басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

### **8-бап. Пайда алушының құқықтары**

1 . П а й д а а л у ш ы :

- 1) осы заңда және міндетті сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және шарттармен сақтандыру төлемдерін алуға;
- 2) сақтанушы мен сақтандырушыдан міндетті сақтандыру шарттары туралы а қ п а р а т т ы т е г і н а л у ғ а ;
- 3) сақтандыру жағдайын тексеру мәселелері жөніндегі шешімге еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға немесе сотқа ш а ғ ы м д а н у ғ а ;
- 4) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесіне медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелері бойынша өтінішпен баруға

;

5) сақтандыру оқиғасының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлауға құқылы.

**9-бап. Еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарт**

1. Міндетті сақтандыру шарты: жаңадан құрылған заңды тұлғалар үшін мемлекеттік тіркелген сәттен бастап үш ай ішінде, жұмыс істеп жүрген заңды тұлғалар үшін осы Заң күшіне енген сәттен бастап үш ай ішінде жасалуы тиіс.

2. Міндетті сақтандыру шартында:

1) тараптардың реквизиттері:

сақтандырушының толық атауы, орналасқан жері, мемлекеттік тіркеу құжатының нөмірі мен күні, сақтандырудың осы түріне берілген лицензияның нөмірі мен күні; сақтандырушының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) оның жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі, берілген күні (егер ол жеке тұлға болып табылса) немесе сақтанушының толық атауы, тұратын жері, банктік реквизиттері, (егер ол заңды тұлға болып табылса), салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) сақтандыру нысанын көрсету;

3) сақтандыру жағдайын көрсету;

4) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері;

5) сақтандыру жарналарының (сыйлықақылардың) мөлшері және төлеу тәртібі;

6) шарт жасасушы тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі;

7) міндетті сақтандыру шартын өзгертудің, бұзудың және мерзімін ұзартудың тәртібі;

8) міндетті сақтандыру шартына өзгерістер енгізудің жағдайлары мен тәртібі;

9) міндетті сақтандыру шартының нөмірі мен сериясы;

10) міндетті сақтандыру шартының жасалған күні мен қолданылу мерзімі қамтылуы тиіс.

3. Міндетті сақтандыру шарты кемінде күнтізбелік бір жыл мерзімге жасалады.

Жұмыс берушінің қызметі бір жылдан кем мерзімге жүзеге асырылған кезде, шарт осы қызметтің жүзеге асырылу мерзіміне жасалады.

4. Тараптардың келісімі бойынша міндетті сақтандыру шартына Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келмейтін өзге де шарттар енгізілуі мүмкін.

**10-бап. Міндетті сақтандыру шартының қолданылуын тоқтату**

1. Міндетті сақтандыру шарты өзінің қолданылуын мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) шарттың қолданылу мерзімінің өтуі;

2) шартты мерзімінен бұрын тоқтату.

2. Міндетті сақтандыру шартының тоқтатылуы сақтанушыны міндетті сақтандыру

шарты күшінде тұрған кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттерден босатпайды.

### **11-бап. Міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату**

Міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен және жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

### **12-бап. Міндетті сақтандыру шартының жарамсыздығы**

Міндетті сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың шарттары мен негізін, сондай-ақ оның құқықтық салдарларын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы белгілейді.

### **13-бап. Сақтандыру сомасы**

Сақтандыру сомасы міндетті сақтандыру шартымен анықталады, бірақ ол Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерден кем болмауы тиіс.

### **14-бап. Сақтандыру тарифін белгілеу**

1. Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру тарифтерінің базалық мөлшерін және оларға қосылатын түзету коэффициенттерінің мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Сақтандырудың жекелеген шарттары бойынша сақтандыру тарифтерінің мөлшері тараптардың келісімімен, базалық сақтандыру тарифтерінің негізінде, сақтандыру кәтерінің сипатына қарай түзету коэффициенттерін қолдана отырып белгіленеді.

### **15-бап. Сақтандыру төлемі**

1. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының туындау салдарынан пайда алушы шеккен нақты зиян мөлшерінде және осы бапқа сәйкес есептелген, міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады.

2. Сақтандырушы сақтандыру өтеуін төлеуді:

1) жалақының жоғалған мөлшерінің өтемақы бөлігінде - пайда алушыға жасы бойынша зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жасқа жеткенге дейін, еңбек ету қабілетінен айрылған барлық уақытына тұрақты төлемдер (айына бір реттен кем емес) төлеу арқылы;

2) пайда алушының (қызметкер қайтыс болған жағдайда) жоғалған кірісінің өтемақы бөлігінде - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген көлемде және мерзімде тұрақты төлемдер (айына бір реттен кем емес) төлеу арқылы жүргізеді.

Бұл ретте, пайда алушының жоғалған еңбекақысы бөлігін өтеу кәсіби еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесіне сәйкес мөлшерде, ал ол болмаған жағдайда, жалпы еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесіне сәйкес, 0,85 коэффициентімен жүргізіледі. Міндетті сақтандыру шартында сақтандыру төлемінің жоғарылатылған мөлшері белгіленуі мүмкін.

3) қызметкердің денсаулығына зиян келуінен туындаған қосымша шығындардың өтемақы бөлігінде пайда алушы шеккен нақты шығыстар мөлшерінде, растайтын

құжаттарды табыс еткен күннен бастап үш күн ішінде жүргізіледі.

3. Пайда алушыға сақтандыру төлемдері міндетті сақтандыру шарты белгілейтін тәртіпте және мерзімде жүргізіледі.

Сақтандыру өтеуін төлеуді қамтамасыз етуге байланысты қосымша шығындардың бәрі сақтандырушының есебінен жүргізіледі.

Сақтанушы таратылған жағдайда сақтандыру өтемін төлеу Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүргізіледі.

### **16-бап. Сақтандыру төлемін кері талап ету құқығы (регресс)**

Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтанушының сақтандырушыдан Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда, төленген сома шегінде кері талап етуге (регресс), құқығы бар.

### **17-бап. Сақтанушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздемесі**

Сақтанушы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемдерінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

### **18-бап. Қызметкердің еңбек ету қабілетінен айрылуын куәландырудың тәртібі**

1. Қызметкердің (қызметкерлердің) бір күннен артық еңбек ету қабілетінен айрылуына әкеп соқтыратын өндіріспен байланысты болған әрбір жазатайым оқиға медициналық қорытындыға сәйкес белгіленген тәртіппен өндірістегі жазатайым оқиға туралы актімен рәсімделеді.

2. Қызметкердің кәсіби еңбек ету қабілетінен, ал ол болмаған жағдайда - жалпы еңбек ету қабілетінен айрылуы дәрежесін куәландыруды халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі сақтанушының, сақтандырушының, не қызметкердің өтініші бойынша немесе сот шешімі бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізеді.

Денсаулық сақтау органының қорытындысы мен өндірістегі жазатайым оқиға туралы акті куәландыру үшін негіз болып табылады.

Жазатайым оқиға немесе кәсіби ауру салдарынан еңбек ету (кәсіби немесе жалпы) қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеу үшін қызметкерді куәландырудың, сондай-ақ қосымша көмек пен күтімге мұқтаждығын белгілеудің тәртібін еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша бекітеді.

### **19-бап. Міндетті сақтандыру субъектілерінің жауапкершілігі**

1. Сақтанушы міндетті сақтандыру шартының уақытылы жасалуына, сондай-ақ сақтандыру сыйлықақыларының толық және уақытында төленуіне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Сақтанушы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру туралы мәселені қарау кезінде сақтандырушыға берілетін құжаттардағы мәліметтердің дұрыстығы үшін жауаптылықта болады. Сақтандыру жағдайын растаушы құжаттардың тізбесі мен келтірілген зиянның нақты мөлшерін еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

3. Сақтанушының дұрыс ақпарат бермеуі сақтандыру төлемдерін жоғарылатуға себеп болған жағдайда, сақтанушы сақтандырушыға артық төленген соманы өтеуге м і н д е т т і .

4. Сақтандырушы сақтандыру төлемдерінің дұрыс және уақытылы жүзеге асырылуы үшін осы Заңға сәйкес жауап береді.

5. Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін төлеуді кешіктірген жағдайда пайда алушыға міндетті сақтандыру шартында көзделген мөлшерде өсімақы төлейді.

6. Сақтанушының кезекті сақтандыру жарналарын уақытында немесе толық төлемеуі, егер міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру төлемдерінен бас тартуға немесе оның мөлшерін азайтуға негіз болмайды.

#### **20-бап. Міндетті сақтандыруды мемлекеттік реттеу**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) сақтандыру жағдайының мән-жайларына тексеру жүргізудің тәртібін;  
2) денсаулыққа зиян келуінен туындаған қосымша шығындар түрлерін есептеуге арналған ең төменгі нормативтерді бекітеді.

2. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жазатайым оқиға немесе кәсіби ауру салдарынан кәсіби еңбек ету қабілетінен, ол болмағанда жалпы еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеудің тәртібін б е к і т е д і .

3. Азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті орган кәсіби аурулардың тізімін (тізбесін) бекітеді.

4. Сақтанушының осы Заңның талаптарын орындауын бақылауды еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

5. Сақтандыру ұйымдарының қызметін қадағалауды сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

#### **21-бап. Дауларды шешу**

Осы Заңды орындау жөнінде сақтандыру субъектілері арасында туындаған даулардың бәрі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

#### **22-бап. Сақтандыру субъектілеріне статистикалық есептілік**

Міндетті сақтандыру субъектілерінің мемлекеттік статистикалық есеп берулері статистика мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **23-бап. Осы Заңды қолдануға енгізудің тәртібі**

Осы Заң 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК